

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы. 1994 жылғы 8 шілде N 110-ХІІІ Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.12.04. N 361 Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын айқындайды.

I бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Санитарлық эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы Қазақстан Республикасының Заңдары

Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Заң, осы Заң, айналадағы орта мен халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі өзге де заң құжаттары санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық негізі болып табылады.

2-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің принциптері

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің принциптері:

Ұйымдық, экономикалық, құқықтық және тәрбиелік сипаттағы шаралар кешенін жүргізумен қамтамасыз етілетін азаматтардың денсаулығын, тіршілік ортасының қолайлылығы мен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қорғау құқын жүзеге асыру;

айналадағы орта факторларының халықтың денсаулығына зиянды әсер етуін болдырмау жөніндегі қызметінің ескертпелігі;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы жариялылық болып табылады.

II бөлім. Азаматтардың құқықтары мен міндеттері

3-бап. Азаматтардың тіршілік ету ортасы қолайлылығына құқығы

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының, факторлары қазіргі және болашақ ұрпақтың денсаулық жағдайына жарамсыз әсер етпеуге тиіс тіршілік ортасы қолайлылығына құқығы бар.

4-бап. Санитарлық эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге азаматтардың қатысу құқығы

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы дұрыс ақпарат алуға мемлекеттік басқару органдары, лауазымды адамдар қабылдағыш шешімдерді, егер бұл шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық пен халықтың денсаулығына ықпал етумен байланысты болса, әзірлеуге, талқылауға және бұлардың орындалуын бақылауға қатысуға әрбір азаматтың құқығы бар

5-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі азаматтардың міндеттері

Қазақстан Республикасының азаматтары қолданылып жүрген санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтауға. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының қорытындыларын, қаулылары мен ұйғарымдарын орындауға міндетті.

6-бап. Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары, лауазымды, а д а м д а р :

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге;

азаматтарға, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы ақпарат беруге; мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық пен халықтың денсаулығына ықпал етумен байланысты шешімдерін әзірлеуге, талқылау мен орындалуын бақылауға азаматтардың қатысуы үшін жағдай туғызуға міндетті.

7-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттерін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолдану

Осы Заңда көзделген Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндетті Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын, сондай-ақ жол сапары Қазақстан Республикасы арқылы өтетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

III бөлім. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету

8-бап. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік басқару органдарының Қазақстан Республикасы

**азаматтарының санитарлық-эпидемиологиялық
салауаттылығын қамтамасыз етуге байланысты**

өкілеттіктері

Орталық мемлекеттік басқару органдарының жүргізуіне:
мемлекеттік басқару органдарының санитарлық заңдарды орындауға
байланысты қызметіне басшылық жасау және олардың өзара іс-қимылын
қ а м т а м а с ы з е т у ;

санитарлық -эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі
мемлекеттік саясатты қалыптастыру, республикалық және аймақтық
б а ғ д а р л а м а л а р д ы ә з і р л е у ;

Қазақстан Республикасының Заңдары мен басқа да нормативтік
құжаттарының жобаларын жасау;

мемлекеттік шекараны аса қауіпті және басқа да карантинді жұқпалы
аурулардың еніп кетуі мен таралуынан қорғау;

Қазақстан Республикасы аумағында жұқпалы аурулар мен адамдар
улануының таралуын болдырмауға және жоюға байланысты халықтың тұруы
мен шаруашылық қызметтің айрықша жағдайлары және режимдерін белгілеу мен
т о қ т а т у ;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету
саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру жатады.

**9-бап. Жергілікті өкілді және атқару органдарының
Қазақстан Республикасы азаматтарының
санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын
қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері**

Жергілікті өкілді және атқару органдары олардың
санитарлық-эпидемиологиялық қарсы шараларды жүргізу және санитарлық
заңдарды сақтауы жөнінде заңды ұйымдар мен нақты тұлғаларға басшылықты
жүзеге асырады және азаматтардың денсаулығын қорғауға, тіршілік ету
ортасының қолайлылығына байланысты құқықтарын қорғауды, олардың
денсаулығына келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етеді.

**10-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық қызметі**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қызметі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері
басқаратын және төменгілері жоғары тұрғандарына бағынышты органдар мен
мекемелердің бірыңғай орталықтандырылған жүйесі болып табылады.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің басқару тәртібін
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті айқындайды.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет

санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға бақылауды және кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың лауазымды адамдар мен азаматтардың санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді, санитарлық заңдарды орындауларын қадағалауды жүзеге асырады, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға және халықтың денсаулығына әсер ететін қолайсыз факторлардан сақтандырады, оларды айқындайды және жою шараларын жасайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен басқа да әскери құрамаларында санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуді қадағалауды Қарулы күштер мен сол әскери құрамалар қызметтері жүзеге асырады. Олардың Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен өзара іс-қимылының тәртібі қолданылып жүрген заңдар мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің нормативтік құжаттарымен айқындалады.

11-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің міндеттері

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет:

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады; мемлекеттік органдардың қарауына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді ұсынады; санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге қатысты мемлекеттік бағдарламаларды жасауға қатысады;

санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бекітеді;

санитарлық-эпидемиологиялық сақтандыруды (мониторингті) жүзеге асырады, есеп пен статистика жүргізеді;

гигиеналық оқыту өткізеді және салауатты өмір салтын насихаттайды;

санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды ұйымдастырады;

жобалау нормаларын, мемлекеттік стандарттарды, бақылау әдістерін, оқу бағдарламаларын, оқу-еңбек жүктемелерін, балалардың мектеп жасына дейінгі балалар және жеткіншектер мекемелерінде, мектептерде, жоғары және орта оқу орындарында болуы мен оқу режимі жағдайларын келіседі;

гигиеналық және эпидемиологиялық бағыттары институттардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіреді;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге қатысты басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

12-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі органдары мен мекемелерін қаржыландыру

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі органдары мен мекемелерін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 12-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 283 заңымен.

13-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға :

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері және оның орынбасарлары ;

аумақтардың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері мен олардың орынбасарлары ;

басқармалар бастықтары, бөлімдердің, бөлімшелердің, лабораториялардың меңгерушілері, санитарлық дәрігерлер мен эпидемиолог-дәрігер, санитарлық дәрігерлердің және эпидемиолог-дәрігерлердің көмекшілері жатады.

14-бап. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерді қызметке тағайындау және қызметінен босату

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады .

Аумақтардың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлік-жоғары тұрған Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер әкімдермен келісуі бойынша тағайындап, босатады .

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің орынбасарларын тиісті Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлер қызметке тағайындайды және қызметінен босатады .

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің басшысы қызметіне арнайы жоғары медициналық білімі бар азаматтар тағайындалады.

15-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың :

санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың гигиеналық нормативтердің сақталуын қадағалау мақсатында қызмет куәлігін көрсете отырып тәуліктің кез-келген уақытында кәсіпорындарға, ұйымдарға,

мекемелерге тосқауылсыз келуге және тексеру жүргізуге;
министрліктер мен ведомстволарға, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың, гигиеналық нормативтердің бұзылуын жою, санитарлық-эпидемиологиялық қарсы шаралар жүргізу туралы талаптар қоюға;

елді мекендерді жоспарлау мен салу, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді орналастыру, салу мен қайта құру жобалары бойынша, суды пайдалану мен ақаба суларды бөліп тастау, токсикалық, радиоактивті және басқа да зиянды заттарды іске жарату мен көму жағдайларына байланысты министрліктерге, ведомстволарға, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға қорытындылар беруге;

шикізаттардың жаңа түрлерінің, технологиялық жабдықтың тамақ өнімдері өндірісі процестерінің, азық-түліктік шикізаттың, өнеркәсіп бұйымдарының, құрылыс материалдарының, иондандырушы сәулелену көздерінің, химиялық заттар мен өнімдердің, биологиялық және дәрі-дәрмектік құралдардың, ыдыстың, азық-түлік шикізатымен, тамақ өнімдерімен және ішетін сумен жанасатын орағыш және полимерлік материалдардың, парфюмерлік-косметикалық және халық тұтынатын басқа да тауарлардың, медициналық иммунды биологиялық препараттардың, сайман-жабдықтардың, аспаптар мен жұмыс құралдарының стандарттары мен техникалық шарттарының жобаларын қарауға;

мемлекеттік шекараны карантинді, аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларды әкелу мен таратудан қорғау жөніндегі бақылау функцияларын жүзеге асыруға;

балалар мен жеткіншектер мекемелеріндегі оқу-еңбек жүктемелері мен сабақтар режимі жөнінде қарауға және қорытындылар беруге;

ғылыми-зерттеу мекемелеріне, лабораторияларға, жоғары оқу орындарына олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, басқа да мекемелер мен ұйымдарға қажетті жағдайларда санитарлық-эпидемиологиялық арнайы зерттеулер жүргізуге тапсырмалар беруге;

Қазақстан Республикасының санитарлық заңдарын, санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бұзу фактілерін қарау үшін Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелеріне лауазымда адамдар мен азаматтарды шақыруға;

жұқпалы және паразиттік аурулардың таратушы көзі болған адамдарды, сондай-ақ санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді орындамайтын адамдарды жұмыстан аластатуға;
жекелеген объектілерде карантин жасауға;

жұқпалы және паразиттік ауруларды таратудың көзі болуы мүмкін, сондай-ақ жұқпалы ауруы бар науқастармен жанасып жүрген адамдарды медициналық

т е к с е р у г е

ж і б е р у г е ;

жұқпалы және паразиттік аурулармен сырқаттанғандарды, айналасындағы адамдарға қауіп келтіретін бактерия таратушыларды міндетті түрде ауруханаға ж а т қ ы з у ғ а

ж і б е р у г е ;

үй-жайларда, аумақтар мен жұқпалы және паразиттік аурулардың ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап етуге;

санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың талаптарына жауап бермейтін тұрғын үйдің, қоғамдық және өзге объектілердің құрылысын жүргізу мен қайта құрудың жобалау қарсаңындағы және жобалау құжаттамаларына к е л і с у д е н б а с т а р т у ғ а ;

санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың, гигиеналық нормативтердің бұзылуын жөнге келтіргенге дейін өнеркәсіптің, көліктің, ауыл шаруашылығының, байланыстың жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерін, жұмыс түрлерін, технологиялық процестерді, құрал-жабдықтарды, аспаптарды, гидротехникалық құрылыстарды, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын және өзге ғимараттарды, мектептерді, балалар мен емдеу-профилактикалық мекемелерін, санаторийлерді, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы үй-жайларды және басқа объектілерді пайдалануға , жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, тыйым салуға немесе тоқтатуға;

санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптар, гигиеналық нормативтер бұзылған жағдайда, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, объектілердің құрылысын жүргізу мен қайта құруды, қалалық және ауылдық мекендердің құрылысын жүргізу жөніндегі жекелеген жұмыс түрлерін тоқтатуға ;

адам өмірі мен денсаулығына қатерлі деп табылған жағдайда шикізаттың жаңа түрлерін, технологиялық құрал-жабдықтарды, процестерді, аспаптарды, азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерін, өнеркәсіп бұйымдарын, құрылыс материалдарын, азық-түлік шикізатымен, тағам өнімдерімен және ауыз суымен қарым-қатынаста болатын иондандырушы сәулелену көздерін, биологиялық және дәрі-дәрмек құралдары мен препараттарды, ыдыстарды, орағыштарды, пластикалық, полимерлік және басқа да материалдарды, олардан жасалған бұйымдарды, халық көп тұтынатын басқа да тауарларды өндіруге, қолдануға және сатуға, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша х а б а р л а й о т ы р ы п , т ы й ы м с а л у ғ а ;

белгіленген тәртіппен тіркелмеген химиялық заттарды, иондандырушы сәулелену көздерін, медициналық және биологиялық препараттарды өндіруге, пайдалануға және қолдануға, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, тыйым салуға;

адам денсаулығына зиянды әсер ету қаупі туындаған жағдайда шаруашылық-ауыз суын жабдықтауда, тағам өнімдерін өндіру мен өңдеу кезінде материалдар мен реагенттерді қолдануға, сондай-ақ ауыл шаруашылығында өсімдіктер мен жануарлардың өсу стимуляторларын, парфюмерлік-косметикалық өнімдерді қолдануға, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, тыйым салуға;

қолдануға жарамсыз деп табылған жағдайда суды ішуге және шаруашылықты жабдықтауға, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдеріне пайдалануға, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, тыйым салуға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік жолмен ықпал ету шараларын қолдануға қажысы бар.

Он алтыншы - жиырма бірінші абзацтарда көзделген хабарламаны алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе оларды алып тастайды.

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. N 346 заңымен.

16-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтегі лауазымды адамдардың міндеттері

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің лауазымды адамдары:

министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, лауазымды адамдардың, азаматтардың, санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтауына Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуі, санитарлық заңдардың бұзылуы жайында орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына хабардар етіп отыруға;

кәсіптік уланулар мен аурулардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болу себептері мен жағдайларын айқындауға және талдауға;

жұқпалы және паразиттік аурулардың ошақтарында санитарлық-эпидемиологиялық қарсы шараларды ұйымдастыруға;

халықты ұжымдық иммунитеттеуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды орындауға бақылау жасауды жүзеге асыру;

айналадағы ортаның санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы және оның адам денсаулығына әсері туралы қолданылып жүрген санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтер туралы халықты хабардар етіп отыруға;

халықтың жекелеген топтарын гигиеналық оқуға тартып, кейіннен аттестаттау
ө т к і з і п о т ы р у ғ а ;

медициналық және гигиеналық білімдерді тарату, салауатты өмір салтын
қалыптастыру ісіне қатысуға міндетті.

17-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының құқықты пайдалану міндеттілігі

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары осы Заңның
15-бабында көрсетілген құқықты мынандай жағдайда:

зиянды заттардың шоғырлануы рұқсат етілген шектегі нормативтерден,
физикалық факторлардың әсер ету деңгейінен асып кеткенде;

объектілерді пайдалануға беру жаңа технологиялық процестерді,
құрал-жабдықтарды, материалдар мен заттарды қолдануға енгізу санитарлық
ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бұзып, не
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен
мекемелерінің келісімінсіз жүргізілгенде;

кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар
санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді
бұзғанда қолдануға міндетті.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата
тұру Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын
лауазымды адамдардың өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата
тұру туралы талап арыз Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген
тәртіппен және негіздерде сотқа жіберіледі.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын
лауазымды адамдардың шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот
шешімінсіз тыйым салуына немесе оны тоқтата тұруына карантиндік, аса қауіпті,
жұқпалы, паразиттік және кәсіби аурулардың таралу қаупі анық туындаған
кездегі ерекше жағдайларда жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті
түрде жазбаша хабарлай отырып, талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде
сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда
қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға
д е й і н қ о л д а н ы л а д ы .

Төртінші бөлікте көзделген хабарламаны алған соң, прокурор жасалған
іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз
қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе
о л а р д ы а л ы п т а с т а й д ы .

**ЕСКЕРТУ. 17-бап 2,3,4 бөліктермен толықтырылды - Қазақстан
Республикасының 1999.11.29. N 488 Заңымен.**

ЕСКЕРТУ. 17-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. N 346 заңымен.

18-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қаулыларының, қорытындылары мен ұйғарымдарының орындалу міндеттілігі

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қаулылары, қорытындылары, ұйғарымдары, министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

Осы қаулыларды, қорытындылардың, ұйғарымдардың орындалмауына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

19-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қызметіне кепілдік

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлер, олардың орынбасарлары, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын басқа да лауазымды адамдар өкіметтің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.

20-бап. Халықты санитарлық-эпидемиологиялық салауаттандыруды ақпараттық қамтамасыз ету

Халықты санитарлық-эпидемиологиялық салауаттандыруды ақпараттық қамтамасыз етуді мемлекеттік және салалық есептеу және есеп беру нысандары, сондай-ақ Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қорғау органдары мен мекемелерінің сұрауы бойынша кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер беретін қосымша ақпарат негізінде Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүзеге асырады.

IV бөлім. САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАЛАУ

21-бап. Санитарлық-гигиеналық нормалаудың міндеттері

Санитарлық-гигиеналық нормалаудың міндеттері:
тіршілік ортасының халық денсаулығына әсер ету факторларын бағалаудың
өлшемдерін жасау;

тіршілік ортасының адам организміне химиялық, биологиялық, физикалық және радиациялық әсер етуінің кешенді және жекелеген факторларының неғұрлым тиімділігін немесе рұқсат етілген шегінің, көлемін, деңгейін, шоғырлануын анықтау болып табылады.

22-бап. Санитарлық-гигиеналық ережелер мен мөлшерлі қалыптар, гигиеналық нормативтер. Оларды жасаудың, бекітудің және қайта құрудың тәртібі

Гигиеналық нормативтер жалпы мемлекеттік болып табылады. Санитарлық-гигиеналық ережелер мен мөлшерлі қалыптар республикалық, аймақтық және жергілікті болып бөлінеді.

Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді ғылыми зерттеу институттары, санитарлық-эпидемиологиялық станциялар және басқа да мамандандырылған мекемелер жасайды.

Республикалық және аймақтық санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері бекітеді.

Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптар, гигиеналық нормативтер және ғылыми және практикалық мәліметтер пайда болған кезде оқтын-оқтын қайта қаралып отырады.

23-бап. Халықаралық және республикалық санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың, гигиеналық нормативтердің арақатынасы

Халықаралық санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері күшіне енгізеді.

24-бап. Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді жариялау

Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптар, гигиеналық нормативтер міндетті жариялануға және еркін таратылуға жатады.

Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бекіткен лауазымды адамдар олардың енгізілгені туралы бір ай мерзімде баспасөзде хабарлануға міндетті.

25-бап. Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтаудың кепілдігі

Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер және басқа ұйымдар шығаратын актілер санитарлық заңдарға қайшы келмеуге, олардың орындалуына кедергі жасамауға, сондай-ақ санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың, гигиеналық нормативтердің қолданылуын шектемеуге немесе оларды бұзбауға тиіс.

Санитарлық заңға қайшы келетін актілер тиісті аумақтың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің ұсынуымен, не прокурор наразылығы бойынша, не сот тәртібімен бұзуға жатады.

V бөлім. САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАУ

26-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау және оның міндеттері

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің органдары мен мекемелері жүргізеді және:

тіршілік ортасындағы объектілердің санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға, халықтың денсаулығына әсерін кешенді бағалау;

адамдардың сырқаттануы және улануының пайда болу себептері мен жағдайларын зерттеу;

шаруашылық немесе өзге қызмет барысында қабылданған шешімдердің санитарлық-гигиеналық ережелер мен мөлшерлі қалыптарға, гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау міндеттерін иеленеді.

27-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау объектілері

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптауға: өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді техникалық-экономикалық негіздеу, құрылысын жобалау мен қайта құру;

санитарлық-эпидемиологиялық сараптау мен халық денсаулығының ахуалын, жағдайын бақылау материалдары, кәсіптік және тамақтық улануларды, жұқпалы аурулармен сырқаттану жайттарын, төтенше санитарлық-эпидемиологиялық асқынуларды тексеру;

ережелерінің халық денсаулығына тікелей немесе жанама түрде қатыстылығы бар заңдар және басқа да заң құжаттарының жобалары;

топыраққа, су қоймаларына, атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық және пестицидтік салмақ түсіру бойынша материалдар;

жаңа өнімдер мен технологиялар; азық-түлік шикізаты және тамақ өнімдері, ауызсу, құрылыс материалдары, халық тұтынатын тауарлар;

халықтың жекелеген топтарының еңбек, демалыс, тұрмыс пен тәрбие және оқу жағдайы;

радиоактивті, уландырғыш және биологиялық заттарды тасымалдаудың жағдайы жатады.

Жобалар:

әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының, өндірістік күштерді дамыту мен орналастыру схемаларының, қаладағы және селолық елді мекендердің бас жоспарларының;

зиянды заттарды атмосферадағы ауада тарату мен су қоймаларына тастаудың

рұқсат етілген шегінде құрылыс жүргізу және технологиялық жобалау нормалары ;

өндірістік және азаматтық мақсаттағы объектілер мен олардың іске қосу кешендерінің құрылысын жүргізу мен қайта құру;

балалар мен жеткіншектердің оқу-еңбек жүктемесі мен оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек етуінің, тамақтануының, демалысының режимін тәртіптейтін нормативтік-техникалық құжаттамалар жатады.

28-бап. Міндетті санитарлық-эпидемиологиялық сараптау

Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды:

атом энергетикасы мен өнеркәсібі объектілерін, курорттық аймақ объектілерін, заттардың рұқсат етілген шектегі шоғырланулары, әсер етуінің бағдарлы қауіпсіздік деңгейлері болмаған және олардың әдістері айқындалған реттерде айналадағы ортаға химиялық және биологиялық заттар тарататын объектілерді орналастыру ;

экологиялық зілзала аймақтарындағы объектілерді, баламалары жоқ жаңа технологиялық процестегі объектілерді орналастыру, қайта құру және ұлғайту;

референдумда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттандыру мүддесін қозғайтын мәселелерді талқылау кезінде жүргізуге міндетті.

29-бап. Өтініштер бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптау

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың өтініштері бойынша, осы Заңның 27-бабында көзделмеген реттерде жүргізіле алады.

Ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары оқу орындары, басқа да мекемелер мен ұйымдар өз құзыреттері шегінде мемлекеттік органдардың, прокуратураның немесе соттың, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің органдары мен мекемелерінің тапсыруы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізуге міндетті.

30-бап. Қоғамдық санитарлық-эпидемиологиялық сараптау

Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар дербес, өз қаржысының есебінен нәтижелері ұсыныстық сипатта болатын санитарлық-эпидемиологиялық сараптау тағайындап, өткізе алады. Мұны жүргізу кезінде аттестациядан өткен лабораториялардың нәтижелері пайдаланылады.

Қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың санитарлық-эпидемиологиялық сараптау өткізуге қатысу үшін өздерінің өкілдерін жіберуге құқығы бар.

31-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізу

Осы Заңның 29-30 баптарында көзделген сараптау жүргізу үшін тапсырыс беруші оның қаржыландырылуының, соның ішінде қажеттігі сараптау

барысында пайда болған ғылыми-зерттеу жұмыстарының қаржыландырылуын қамтамасыз етеді және қажетті құжаттамаларды ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 31-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 283 заңымен.

32-бап. Сараптау нәтижелері бойынша дауларды шешу

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаудың нәтижелері бойынша дауларды тәуелсіз сараптау комиссиясы, не мүдделі тараптың талап ету арызының негізінде, заңда белгіленген тәртіппен сот шешеді.

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының, мекемелерінің, ұйымдарының санитарлық-эпидемиологиялық сараптау мәселелеріне қатысты басқа мемлекеттермен дауларын тараптардың келісімі бойынша мүдделі мемлекеттердің өкілдерінен құрылған комиссиялар қарайды және шешеді.

VI бөлім. ИНДЕТКЕ ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

33-бап. Жұқпалы аурулардың таралуының және адамдардың улануының алдын алу

Жұқпалы аурумен ауырғандар, жұқпалы аурулармен ауырады деп күдік туғызатындар және бактерия таратушылар оқшауландырылуға және ауруханада емделуге жатады, жұқпалы аурумен қарым-қатынаста болған адам медициналық қадағалауға алынады, қажет болған жағдайда оқшауландырылады және емделеді.

Созылмалы жұқпалы аурумен ауырғандар және бойында созылмалы бактериясы барлар, егер олар атқаратын қызметінің түріне байланысты айналасындағыларға қауіп төндіретін болса, басқа жұмысқа ауыстырылады, ал ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстан босатылады.

34-бап. Профилактикалық егу жүргізудің міндеттілігі

Қазақстан Республикасының азаматтары жұқпалы ауруға қарсы профилактикалық егілуге міндетті.

Профилактикалық егілулер жүргізудің мерзімі мен тәртібін және егуге жататын халықтың топтарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі айқындайды.

35-бап. Жұқпалы ауру індеті пайда болудың қаупі төнген жағдайда карантин енгізудің шарттары

Жұқпалы аурулар індеті енудің және таралудың қаупі төнген жағдайда орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің тапсыруы бойынша жекелеген аумақтарға шаруашылық қызметі мен халық өмірі айрықша жағдайға көшірілген карантин енгізеді.

Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың үйлестіру қызметі жөніндегі жедел басшылығы бұл жағдайда індетке қарсы Республикалық және аумақтық төтенше комиссияларға жүктеледі.

36-бап. Жұқпалы ауруларға шалдығу мен улану жағдайларын тексеру

Адамдардың жұқпалы ауруларға шалдығуы мен улануларының әрбір жағдайы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары жүзеге асыратын тексеруге жатады.

Т е к с е р у б а р ы с ы н д а :

адамдардың жұқпалы ауруларға шалдығуы мен улану оқиғаларының айналадағы ортаның ластануына немесе сапасы төмен тамақ өнімдері мен ауыз суды пайдалануға, санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптардың, гигиеналық нормативтердің және індетке қарсы режимнің бұзылуына б а й л а н ы с т ы е к е н і ;

жұқпалы аурулардың пайда болуына немесе адамдардың улануына кінәлі кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар анықталады.

37-бап. Медициналық бақылаудан өтудің міндеттілігі

Халықтың денсаулығын қорғау, жұқпалы және паразиттік ауруларды болдырмау, кәсіптік аурулар мен уланулардың, бақытсыз оқиғалардың алдын алу , еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындардың, мекемелердің , ұйымдардың қызметкерлері мен азаматтары алдын ала және мерзімдік бақылаулардан, арнайы медициналық тексерулерден өтеді.

Өндірістік зиянды факторлардың, алдын ала және мерзімдік медициналық бақылаулардан өтуге міндетті мамандық иелері, халықтың жекелеген топтарының тізбесін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі б е л г і л е й д і .

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары алдын ала немесе мерзімдік медициналық тексерулерден өтпеген немесе денсаулығына байланысты жұмысқа жарамсыз деп танылған адамдарды жұмысқа жібермейді.

VII бөлім. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

38-бап. Шаруашылық қызметіне қойылатын жалпы талаптар

Өз қызметін жүзеге асыра отырып кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар:

қолданылып жүрген санитарлық заңдарды, санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтауды қамтамасыз етуге; айналадағы ортаның ластануының, жұқпалы паразиттік және кәсіптік

аурулардың алдын алу мен жоюға бағытталған санитарлық-эпидемиологиялық қарсы шараларды жасауға және жүзеге асыруға; шығарылатын өнімнің сапасына, жұмыс істеп жүрген адамдардың еңбек жағдайына айналадағы ортаға және халықтың денсаулығына әсерін тигізетін өндірістік факторларға дербес бақылауды жүзеге асыруға; халықтың денсаулық ахуалын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасауға міндетті.

39-бап. Төтенше санитарлық-эпидемиологиялық жағдай туралы ақпарат беру міндеттілігі

Апаттар, жаппай және топтық жұқпалы, паразиттік және кәсіптік аурулар туындаған, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай төтенше нашарлай түскен жағдайда кәсіпорындар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің органдары мен мекемелеріне хабарлауға міндетті.

40-бап. Нормативтік-техникалық құжаттамалар жасаушылардың міндеттері

Нормативтік-техникалық құжаттамаларды жасаушылар: жасалынған құжаттамалардың санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарға, гигиеналық нормативтерге сәйкес келуін қамтамасыз етуге; шикізаттың жаңа түрлерін, технологиялық құрал-жабдықтар мен процестердің, аспаптардың, азық-түлік шикізаттары мен тағам өнімдерінің, құрылыс материалдарының, иондандырушы сәулелердің, ыдыстардың, химиялық, биологиялық және дәрі-дәрмектік заттардың, буып қаттайтын орағыштар мен полимерлік материалдардың, парфюмерлік-косметикалық өнімдердің және басқа да халық тұтынатын тауарлардың стандарттарын, техникалық шарттарын, рецептерін және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаларын Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің келісуіне ұсынуға міндетті.

41-бап. Жобалау жұмыстарына қойылатын санитарлық талаптар

Орталық және жергілікті мемлекеттік билік пен басқару органдары, кәсіпорындар мен мекемелер, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар, азаматтар елді мекендерді, кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы объектілерін, сумен жабдықтау, құбыр жүйелерін, гидротехникалық құрылыстарды, көлік құралдарын, технологиялық процестерді, бұйымдар мен құрал-жабдықтарды, аспаптарды және басқа объектілерді жобалаған кезде санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық

нормативтерді сақтауға міндетті.

Жасалған жобалар Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің келісуіне ұсынылады.

42-бап. Үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды, құрал жабдықтар мен көлік құралдарын ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық талаптар

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар өндірістік және санитарлық-тұрмыстық жайларды, жұмыс орындарын, балаларға арналған емдеу-профилактикалық, сауықтыру, оқу және мәдени мекемелерді, спорттық және өзге ғимараттарды, тұрғын үй-жайлары мен құрылыстарды, технологиялық және өзге құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарға, гигиеналық талаптарға, стандарттарға және басқа нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес ұстауды және пайдалануды қамтамасыз етуге міндетті.

43-бап. Тамақ өнімдеріне, оларды өндіру мен тасымалдауға, сақтау мен өткізуге қойылатын санитарлық талаптар

Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен және өткізумен шұғылданатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, азаматтар санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтауға міндетті.

Тағамдық қосымшалар мен биологиялық заттарды, азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерін өндірудің технологияларын қолдануға Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерімен келісілген нормативтік-техникалық құжаттамалар болған кезде жол беріледі.

Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде өндірілетін өнімді жеткізуге және пайдалануға сертификаттар болған кезде, ал ол жоқ болған жағдайда міндетті сертификаттық тексерулер өткізу арқылы рұқсат етіледі.

44-бап. Химиялық заттарды, биологиялық құралдар мен дәрі-дәрмектік құралдарды қолдануға қойылатын санитарлық талаптар

Химиялық, биологиялық заттарды, дәрі-дәрмектік құралдарды, препараттарды, минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктер мен жануарларды өсіру стимуляторларын, өсімдіктерді қорғайтын химиялық құралдарды, полимерлік және пластикалық массаларды, парфюмерлік-косметикалық өнімдерді қолдануға Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің рұқсатымен жол беріледі.

45-бап. Шаруашылық-ауыз су, мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына қойылатын санитарлық талаптар

Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, азаматтар ауыз судың сапасын қамтамасыз етуге және су қоймаларын шаруашылық ауыз су мен мәдени-тұрмыстық су пайдаланылатын орындарда санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптар, гигиеналық нормативтерге сәйкес ластанудан қорғауға міндетті.

Ауыз сумен жабдықтаудың көздері Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен келісілген санитарлық қорғау аймақтарына ие болуға тиіс.

46-бап. Атмосфералық ауаға санитарлық талаптар

Тұратын жерлердегі атмосфералық ауа, тұрғын үйдің, қоғамдық, өндірістік ғимараттар мен жайлардың ауасы, өнеркәсіптік кәсіпорындар аумағы белгіленген нормативтерге сәйкес келуге тиіс.

47-бап. Аумақты ұстауға, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинау мен кәдеге асыруға қойылатын санитарлық талаптар

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар лауазымды адамдар мен азаматтар өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарға, белгіленген нормативтерге сәйкес жинауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыру мен көмуді қамтамасыз етуге және аумақты күтіп ұстауға міндетті.

48-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты санитарлық талаптар

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар радиоактивті заттармен және басқа иондандырушы сәулелену көздерімен жұмыс істегенде санитарлық мөлшерлі қалыптарды сақтауға міндетті.

49-бап. Балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеу, оқыту және өндірістік тәжірибе өткізу жағдайларына қойылатын санитарлық талаптар

Мектепке дейінгі мекемелер, мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер, арнаулы орта және жоғары оқу орындары мен басқа оқу-тәрбие бірлестіктері, сондай-ақ еңбекке баулу мен өндірістік тәжірибенің базасы болып табылатын кәсіпорындар санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

50-бап. Халықты гигиеналық тәрбиелеу мен оқытуға қойылатын талаптар

Халықтың мәдениетін көтеруге және аурулардың профилактикасына бағытталған гигиеналық тәрбиелеу мен оқыту жаппай, кешенді және үздіксіз сипатқа ие болуға тиіс.

Гигиеналық тәрбие мен оқыту:

балаларды тәрбиелеу, мектеп оқушылары мен жеткіншектерді, студенттерді оқыту, әртүрлі бағдар мен деңгейдегі мамандарды даярлау мен қайта даярлау процесінде;

медициналық және гигиеналық білімді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау жолымен жүзеге асырылады.

51-бап. Басшыларды, мамандарды және қызметкерлерді кәсіптік-гигиеналық тәрбиелеу

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар өз қаражатының есебінен: азық-түлік өнімдері мен ауыз суды өндіруге, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге;

балаларды тәрбиелеуге, мектеп оқушылары мен жеткіншектерді оқытуға; халыққа коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуге; қызметі залалды заттарға және қолайсыз өндірістік факторлар мен процестерге байланысты басшыларды, мамандар мен қызметкерлерді кәсіптік-гигиеналық даярлауды жүзеге асыруға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 51-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.07.10. N 283 заңымен.

VIII бөлім. САНИТАРЛЫҚ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

52-бап. Санитарлық заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық түрлері

Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптар, гигиеналық нормативтер бұзылған жағдайда лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

53-бап. Азаматтардың денсаулығына келтірілген зиянды және емдеу-профилактикалық, санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің қосымша шығындарын өтеу

Санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді, сондай-ақ азаматтардың сырқаттануы мен улануына әкеп соққан індетке қарсы режимнің бұзылуына жол берген кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер, лауазымды адамдар мен азаматтар адам денсаулығына келтірілген нақты зиянды және емдеу-профилактикалық санитарлық-эпидемиологиялық мекеменің қосымша шығындарын өтеуге міндетті.

Адам денсаулығына келген зиянның өтелетін сомасы кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдар мен азаматтардан ерікті түрде немесе сот шешімімен а л ы н а д ы .

Емдеу-профилактикалық және санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің қосымша шығындарын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар ерікті түрде немесе сот шешімі бойынша өтейді.

54-бап. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне шағым жасау

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының әрекетіне Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Жасалған шағым Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің қаулыларының, нұсқауларының және қабылдаған шешімдерінің орындалуын тоқтатпайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті